

МКҚК “Зере” бөбекжай - балабақшасы

21.01.2026
Def

АДАЛ АЗАМАТ.
БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

**“ЖАПЫРАҚ,
ТАМЫРДАН НӘР АЛАДЫ”
зияткерлік ойыны**

Тәрбиеші: Кәри І.Д

22/01/2026 ж

Зияткерлік ойын сценарийі

«Жапырақ тамырдан нәр алады»

Қатысушылар:

Ата-аналар мен балалар

Командалар:

1. «Тамыр»
2. «Жапырақ»

Мақсаты:

Ұлттық құндылықтар негізінде ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, ұлттық ойындар арқылы балалардың ептілігін, ойлау қабілетін, зейінін дамыту, ұрпақ сабақтастығын көрсету.

Көрнекіліктер:

Асықтар (түрлі түсті), түстерге арналған табақшалар, үлгі суреттер, ақ қағаз, қарындаштар, ұлттық ою сызылған жол, қасық, шарик.

АЛҒЫ СӨЗ

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар мен балалар!

Бүгінгі зияткерлік ойынымыздың тақырыбы – «Жапырақ тамырдан нәр алады».

Тамыр – бұл ата-ана, салт-дәстүр, ұлттық тәрбие.

Жапырақ – бұл бала, болашақ, ұрпақ.

Бала ата-анадан, ұлттық құндылықтардан нәр алып өседі.

Сондықтан бүгінгі ойындарымыз халқымыздың ұлттық ойындары мен құндылықтарына негізделген.

I ТАПСЫРМА

«Асықтарды түсіне қарай орналастыр»

Өту барысы:

Әр командаға аралас түсті асықтар беріледі.

Белгі берілгенде ата-ана мен бала бірге отырып, асықтарды түстеріне қарай табақшаларға орналастырады.

Уақыты – 1 минут.

Бағалау:

Асықтарды дұрыс әрі жылдам орналастырған команда жеңімпаз атанады.

Мағынасы:

Ата-ана бағыт береді, бала орындайды.

Бұл – тамыр мен жапырақтың бірлігі.

II ТАПСЫРМА

«Кім жылдам?»

Өту барысы:

Әр командадан бір ата-ана мен бір бала шығады.

Алдыңғы бетте берілген суретті қарап, келесі қағаз бетіне дәл көшіреді.

Ата-ана баласына бағыт-бағдар береді, бала суретті салады.

Бағалау:

Суреттің ұқсастығы мен орындалу жылдамдығы ескеріледі.

Мағынасы:

Ұрпақ ата-ананың үйреткенін бойына сіңіреді.

III ТАПСЫРМА

«Ою жолымен шарикті жеткіз»

Өту барысы:

Бала қасыққа шарикті салып, ұлттық ою түрінде сызылған жолдың бойымен жүргізеді.

Ата-ана тек сөзбен бағыт береді.

Шарикті құлатпай мәреге жеткізу керек.

Бағалау:

Шарикті құлатпай жеткізген командаға ұпай беріледі.

Мағынасы:

Ұлттық ою – халқымыздың өмір жолы.

Сол жолмен баланы дұрыс жетелеу – ата-ананың міндеті.

IV ТАПСЫРМА

«Асықпен ойын»

Өту барысы:

Ата-ана асықты атады, бала түскен асық санын немесе алшы, тәйке екенін айтады.

Немесе бала атады, ата-ана бағыттайды.

Бағалау:

Дұрыс орындау мен белсенділікке қарай бағаланады.

Мағынасы:

Ұлттық ойын – ұлттың жаны.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жүргізуші:

Бүгін біз ұлттық ойындар арқылы бірлікті, тәрбиені, ұрпақ сабақтастығын көрсеттік.

Жапырақ тамырдан нәр алады.

Тамыры мықты елдің – болашағы жарқын.

Ұлттық құндылықтарды сақтайық!

Марапаттау:

Балаларға – «Ұлттық ойынға белсене қатысушы» марапаты.

Ата-аналарға – Алғыс хат.

